

Халыкаралык ғылыми-практикалық конференция өтті

Тараз мемлекеттік педагогикалық университетінің қабырғасында «Рухани жанғыру: ХХІ ғасырдағы заманауи білім беру кеністігінің парадигмалары» атты Халыкаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Конференция жұмысына Алматы қаласы, Абай атындағы ҚазҰПУ, «Абайтану» ғылыми-зерттеу орталығының қызметкері, ф.ғ.д., профессор М.Мырзахметұлы, АҚШ, Фрамингем университеті, ағылшын тілінің маманы Дуглас Аарон Дэвист, Түркия Республикасынан Карабюк университетінің профессоры Капаган Енвер мен Гиресун университетінің PhD, профессор Ахмет Гүнгор, Алматы қаласы, Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры, ф.ғ.д. Б.Түргынбаева, Түркістан қаласы, К.А.Ясауи атындағы ХКТУ Түркология ғылыми зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері С.Дағыстан, Назарбаев Университеті, Филология ғылымдарының кандидаты, ассистент профессор Ж.Агабекова, Астана қаласы, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры, ф.ғ.д. А.Ә.Үсен және ЖОО ғалымдары қатысты.

ТарМПУ барлық материалдық-техникалық және кадрлық база, ғылым қоры гранттарына қатысу нәтижелері бойынша тәжірибесі бар оқу орны болып табылады. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың дәстүрлі жолдауында еліміздегі педагогикалық оқу орындарының алдына тын стратегиялық бағыт-орта білім беру саласында жанартылған мазмұнға қошуді тездететін мұғалім даярлау міндетін қойған болатын.

Сондықтан ТарМПУ-да шығармашылық қабілеті жоғары деңгейдегі, оқыту мен тәрбиелеудің, психологиялық-педагогикалық, жана инновациялық әдістерін меңгерген, ескі қағидалардан бас тартып, нақты тәжірибеде, педагогикалық үрдісті оздігінше жүзеге асыра алатын жана түрпатты мұғалімді даярлау міндеттері жүзеге асырылуда.

Конференцияның негізгі мақсаты «Болашаққа бағдар-жаһандану үрдісіндегі латын өліпбиі», «Қазақстандағы заманауи білім беру жүйесін модернизациялау бағыттары» және «ХХІ ғасыр білім беру кеністігін ұлттық код негізінде жанғырту проблемалары» тақырыбында жүйеленген ғылыми - әдістемелік мәселелер қотерілді. Конференцияға қатысушылар рухани жанғыру бағытында ұлттық сананы қалыптастыру, ұлттық код аясындағы қазақстандық білім беру моделін құру; оны жаһандық оредегі бренд

санатында үйлестіру жолдарын қарастыру, ғылым мен білім беру кеністігінің парадигмаларын жаңғырту; латын әліпбиінің маңызы мен қажеттілігін көпшілікке насихаттау және латын әліпбиінде іс жүргізуді жолға қою, т.б. мәселелер бойынша жоғары оқу орындары мен жалпы білім беру мекемелеріндегі жанаша ойлайтын заманауи ұстаздар мен ғалымдар арасында ой бөлісті. Конференцияда қаралған мәселелер бойынша нақты тұжырымдар жасалынып, бірқатар шешімдер қабылданды.

http://tarmpu.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=2030%3A2018-02-25-19-36-17&catid=34%3A2011-01-10-20-47-55&Itemid=1&lang=kz

